

АТА ЗАҢЫМ – АЙБАРЫМ, ЖЕЛБІРЕ, КӨК БАЙРАҒЫМ!

Аялаймын сені, Қызылорда!



Ақмешіт

30 тамыз
сенбі

№65 (2178)

2025 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



Жадыра ШУКЕНОВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
«Құқықтану» БББ аға
оқытушысы, заңтану магистрі:

АТА ЗАҢ – ӘР АЗАМАТТЫҢ СЕНІМДІ ҚОРҒАУШЫСЫ, БОСТАНДЫҚ ПЕН ӘДІЛЕТТІҢ КЕПІЛІ

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихына көз жүгіртсек, ел тағдырын айқындаған әрбір жауапты кезеңде халық өз тіршілігін реттейтін құқықтық нормаларға, жазылмаған дала заңдарына жүгініп отырған. Билер соты арқылы шешілген даулар, әдет-ғұрыпқа негізделген ережелер, қыр баласының өмір сүру салтын қалыптастырды. Әділдікті туеткен сол көне нұсқада ұрпақ бойына адалдық пен жауапкершілік қағидаларын сіңіріп, ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналды. Уақыт өткен сайын қоғам жаңарып, заман талабы өзгерді. Тәуелсіздігіміздің көк байрағы желбіреген сәтте халқымыз жаңа тарихи таңдау жасады. Мемлекетіміздің болашағын айқындап, өркениетті даму жолын нықтай түскен басты құқықтық құжат Конституция еді. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Ата Заң еліміздің тәуелсіздігін бекемдеп, демократиялық құндылықтарға негізделген құқықтық мемлекеттің берік іргетасына айналды. Биыл Конституцияның қабылданғанына 30 жыл толып отыр. Конституция – мемлекетіміздің ең басты құндылықтарын айқындаған, ел бірлігінің, қоғам тұрақтылығы мен дамуының кепілі. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Құқықтану» БББ аға оқытушысы, заңтану магистрі Жадыра Шукеновамен сұхбаттасып, Ата Заңның мән-маңызы, жас ұрпаққа берер тағылымы мен бүгінгі күндегі өзектілігі төңірегінде әңгіме өрбіттік.

2-БЕТТЕ



БАҚША БАСЫНДА: егіннен терімге дейін

Зауыттан шыққанына жиырма жылдан асып кеткен газелдің май-суын қарап, бақшаға қамдана бастадық. Басшымыз Жәнібек аға көліктің сыр берген тұсының біразын қалыпқа келтіріп, кеттік деген сөзін естігенде балалар жағы шу ете қалды. Көз алдыма «Менің атым – Қожа» көркем фильміндегі балалардың қой қырқын мен шөп шабуға таласқан көрінісі келді. Сол жерде «Сарыжайлауды» қосып кеп жібергенде, кәдімгі фильмге айналып кетердей еді...

Жоғары сыныпқа енді ғана көшкен Қайсар үлкен қақпаны жүгіре ашып, көлікті шығарды да, біз топ етіп, кабинаға еніп кеттік. Пысықтары «вип» орын саналатын кабинаға, кейінгілері бортқа секіріп мінді. Осылайша, қала іргесіндегі Абай ауылынан отыз шақырымдай жердегі бақшаға тура тартқанбыз.

4-БЕТТЕ



АТА ЗАҢ – ЕЛДІК ПЕН ЕГЕМЕНДІКТІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Еліміз тәуелсіздік жылдарында өзара татулық, ынтымақ пен бірліктің арқасында орасан табысқа қол жеткізді. Демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет орнатып, әлеуметтік-экономикалық даму тұрғысында үлкен жетістіктерге жетті. Биыл Конституцияның 30 жылдығы мерекесі кең көлемде атап өтілуде. Себебі бұл мерекенің барлық қазақстандық үшін маңызы зор. Ата Заң – елдік пен егемендіктің алтын діңгегі, өрлеу мен жаңғыруға жол бастаған еліміздің басты құжаты.



Мереке қарсаңында Өнер орталығында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен салтанатты жиын өтті. Аймақ басшысы тұрғындарды Конституцияның 30 жылдығымен құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ауқымды өзгерістерге тоқталды.

– Конституция – тәуелсіздігіміздің ең басты тірегі, мемлекеттігіміздің кепілі. Ата Заңды ардақтау – келешекке керуен тартқан мемлекетіміздің әрбір азаматтың асыл парызы. Біз осы реформалар арқылы саяси жаңғыруға, «Заң мен тәртіпті» қағидатына негізделген Әділетті Қазақстанды құруға қадам басып келеміз. «Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр өңірі Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен қарқынды даму жолына түсті. Биыл облысымыздың бюджеті 823 млрд 400 млн теңгені құрап, 2022 жылдан бері 226 пайызға өсті. Бұл қаражат аймағымыздағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталды. Халықтың тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды ірі инфрақұрылымдық, инвестициялық жобалар қарқын алды. Соңғы 3 жылда өңір экономикасына 1 триллион 600 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылды. Экономиканы әртараптандыру мақсатында өткен үш жылда құны 98 млрд 500 млн теңгені құрайтын 45 жоба іске асырылып, 1 400 тұрақты жаңа жұмыс орны құрылды. Биыл 631 млрд 400 млн теңгеден астам инвестиция тартуға бағытталған жұмыстар жүргізілуде, 7 айда 351 млрд 800

млн теңге инвестиция тартылды. Жоспардың орындалуы бойынша Қызылорда облысы республикада бірінші орында. 2025-2028 жылдары аймақта құны 2 трлн теңгеге жуық 89 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл 302 млрд 500 млн теңгеге 27 жоба іске қосылады. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен Әділетті, Озық, Таза, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанның іргесі қалануда. Егемендігіміз

баянды, Тәуелсіздігіміз мәңгілік, Ата заңымыз тұғырлы болғай! – деді облыс әкімі.

Салтанатты жиында Еңбек ардагері Кеңесбек Махамбетовке «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағы берілді. Сондай-ақ әртүрлі сала мамандары Қызылорда облысының Құрмет грамотасы және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

«Ақмешіт-ақпарат»

«Келешек мектебі» ашылды

Жаңа оқу жылы қарсаңында аймақта білім саласында жақсы жаңалықтар көп. Биыл Қызылорда қаласы бойынша 6547 бала 1-сыныпқа барады деп жоспарлануда. Бұл өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай өсім.



Биылғы жаңа оқу жылы тағы бір тарихи сәтпен есте қалды. Конституция күні мен Білім күні қарсаңында «Арай» шағын ауданында 1500 орындық «Келешек мектебі» есігін айқара ашты. Салтанатты шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Парламент депутаттары мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Аймақ басшысы жаңа білім ордасының ашылуымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Бала – бәріне бірдей. Ауыл баласы мен қала баласының білім алу мүмкіндігі тең болуы тиіс» деген еді. «Келешек мектептері» жобасының негізгі мақсаты да осы. Жаңа мектептер – жас ұрпақтың жарқын болашағы үшін салынууда, – деді аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев.

Іс-шарада білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосқан ұстаздар мен құрылысты сапалы әрі мерзімінде салған мердігер мекеме қызметкерлеріне Қызылорда облы-

сының Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды. Жаңа оқу жылынан бастап «Келешек мектебінде» мектепалды даярлық сыныптары ашылып, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер тереңдетіліп оқытылады. Заманауи құралдармен жабдықталған мектепте оқушылардың жан-жақты дамуына барлық жағдай жасалған. Соңғы жылдары өңіріміздің білім саласына қомақты қаржы бөлініп келеді. Облыстық бюджеттің көлемі 2022 жылдан бері 226 пайызға өсіп, 823 млрд 400 млн теңгеге жетті. Соның ішінде білім саласына соңғы үш жылда 812 млрд теңгеден астам қаржы бөлінген.

Жаңа мектептердің бой көтеруі тек сәулетті ғимараттардың салынуы емес, бұл – келешекке салынған инвестиция. Шаһардағы жаңа оқу жылына дайындық жоғары деңгейде екенін байқауға болады.

Айдана БАХТИЯР

ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?



Жылу маусымына дайындық мәселесі өзекті. Қазір жергілікті билік алдында жөнделіп жатқан желілер мен нысандарды уақытында аяқтау міндеті тұр. Себебі қыстың қаһарлы суығына шыдап беру үшін жан-жақты дайындық қажет екені белгілі. «Жылу қазандығы жарылды», «мектеп жылымай тұр», «тұрғындар тоңды» деген секілді мәселелер болмас үшін жаздағы күрделі жөндеу жұмыстары тынғылықты атқарылуы тиіс.

Сонымен, қысқа дайындық қалай?

ДАЙЫНДЫҒЫ ТӨМЕН ӨҢІРЛЕР БАР

Жақында Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында өңірлердің алдағы жылу беру маусымына дайындығы қаралды. Үкімет басшысы дайындығы төмен өңірлер бар екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында энергетикалық инфрақұрылым мен коммуналдық шаруашылықты жаңғырту керегін атап айтты. Энергетика секторында тозу дәрежесі жоғары болуын ескере отырып, жылыту маусымына дайындық жұмыстары жоспарлы әрі сапалы жүргізілуі қажет. «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында электр станцияларын жөндеу мен жаңғырту үшін биылдың өзінде 377 млрд теңге қаржы бөлінді, бұл өткен жылдан 15%-ға жоғары. Сондай-ақ Үкімет резервінен жылу көздері мен жылу желілерін жөндеуге шамамен 48 млрд теңге қарастырылған. Солтүстік аймақтарда жылыту маусымы басталғанға дейін бір айдан аз уақыт қалды. Алайда бірқатар өңірде жөндеу жұмыстары уақытылы аяқталмай қалу қаупі бар. Мұндай жағдайлар әкімдер тарапынан жоспарлаудың нашар болуы мен қатаң бақылаудың жок екенін көрсетеді.

3-БЕТТЕ

Жадыра ШУКЕНОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Құқықтану» БББ аға оқытушысы, заңтану магистрі:

АТА ЗАҢ — ӘР АЗАМАТТЫҢ СЕНІМДІ ҚОРҒАУШЫСЫ, БОСТАНДЫҚ ПЕН ӘДІЛЕТТІҢ КЕПІЛІ



— Өңгімемізді еліміздің басты құжаты — Конституцияның мемлекет пен қоғам өміріндегі орны мен маңызынан бастасак. Сіздің ойыңызша, Ата Заңның ең үлкен құндылығы қандай?

— Қазақстан Республикасының басты құжаты — Конституция. Ол жай ғана заңдар жинағы емес, қоғам мен мемлекет арасындағы келісімнің құқықтық формасы, ортақ мүдденің кепілі. Тарихқа көз жүгіртсек, Конституция екі кезеңнен өтті. Бірі — кеңестік дәуірдегі құжаттар болса, екіншісі — тәуелсіздік алғаннан кейін қабылданған Конституция. Алғашқы Конституция 1993 жылы қабылданып, артынан 1995 жылғы жалпыхалықтық референдумда бүгінге дейін қолданылып келе жатқан Ата Заңымыз қабылданды. Конституциямыздың басты құндылығы — адам және азамат құқықтарын барынша қорғауға бағытталуында. Конституцияның 2-бөлімі «Адам және азамат» деп аталуының өзі жайдан-жай емес. Мұнда өмір сүру құқығы, ар-ождан бостандығы, меншікке қол сұқпау, сөз және дін еркіндігі сияқты негізгі құқықтар бекітілген. Яғни Конституция әрбір қазақстандықтың құқығы мен бостандығының берік қалқаны болып отыр. Сонымен бірге соңғы 30 жылда Ата Заңымызға заман талабына сай алты рет толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Әсіресе 2022 жылғы реформа еліміздің саяси жүйесін жаңғыртып, суперпрезиденттік жүйеден Президенттік республикаға өтудің маңызды қадамы болды. Бұл өзгерістер халық билігін айқындап, Парламенттің өкілеттігін кеңейтті. Сондай-ақ сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайтты. Демек, Конституция — өмірмен бірге дамитын, қоғам сұранысына бейімделетін құжат. Философиялық тұрғыда Конституция — әділет пен теңдіктің негізі, халықтың болашаққа деген сенімін білдіретін құндылық. Сондықтан Ата заңымыздың ең үлкен құндылығы — мемлекеттегі билікті құқықтық шеңберге салып, халықтың еркіндігін қамтамасыз ете отырып, елдің тұрақтылығы мен бірлігінің кепілі болып отырғандығында.

— 1995 жылғы қабылданған Конституция Қазақстан тарихындағы алдыңғы конституциялардан несімен ерекшеленді? Ата заңның мемлекет дамуына тигізген ықпалын қалай бағалайсыз?

— Қазақстан тарихында бірнеше Конституция қабылданғаны белгілі. Алайда 1995 жылғы Конституция — тәуелсіз еліміздің жаңа дәуірге аяқ басқанын айқындаған тарихи құжат болды. Оның басты ерекшелігі — кеңестік жүйенің сарқыншағынан арылып, шынайы демократиялық, құқықтық, зайырлы мемлекет құруға бағытталғанында. 1993 жылғы алғашқы тәуелсіз Конституция сол кезеңнің өтпелі сипатына сай болды. Онда тәуелсіздіктің негізгі қағидалары айқындалғанымен, билік тармақтарының ара-жігі толық ажыратылмаған еді. Ал 1995 жылы қабылданған Конституцияда биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтары нақты бөлініп, олардың әрқайсысының өкілеттігі мен жауапкершілігі белгіленді. Бұл өркениетті мемлекеттер тәжірибесіне сай келетін үлкен қадам болды. Сонымен бірге бұл Конституцияның басты артықшылығы жалпыхалықтық референдум арқылы қабылдануында. Яғни бұл құжатты халық өзі таңдап, бекітті. Сондықтан ол нағыз халықтық құжат болып саналады. Конституцияда мемлекеттің негізгі сипаты — демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екені анық жазылды. Ата Заңымыздың қоғамға тигізген ықпалы зор. Ол мемлекеттік құрылымды ретке келтіріп қана қойған жоқ, ең алдымен әрбір азаматтың құқығы мен бостандығын қорғауды басты орынға қойды. Осы Конституцияның арқасында елімізде азаматтық қоғам қалыптасып, демократиялық институттар орнықты,

Басы 1-бетте

экономикалық реформаларды жүзеге асыруға құқықтық негіз жасалды. Сол себепті Конституция — тәуелсіздігіміздің берік іргетасы, елдігіміздің тұғыры болды деп толық айта аламыз. Оның тарихи маңызы — халық пен мемлекеттің жаңа деңгейдегі қарым-қатынасын қалыптастырып, Қазақстанды құқықтық мемлекетке бастауында.

— Конституцияда бекітілген «құқықтық мемлекет» ұғымы бізде қаншалықты жүзеге асып жатыр деп ойлайсыз?

— «Құқықтық мемлекет» деген ұғым — жай ғана теориялық түсінік емес, ол — өркениетті елдердің басты тірегі. Бұл ұғымның мәні — заңның бәрінен жоғары тұруында. Яғни мемлекет басшысы да, қарапайым азамат та заңға бағынуы керек. Конституцияда осы қағида айқын жазылған. «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық». Демек, биліктің қай тармағы болсын, халыққа қызмет етуге міндетті, ал халықтың құқықтары мен бостандығы ең басты құндылық ретінде қарастырылады.

Әрине, құқықтық мемлекет құру бір күннің немесе бір жылдың шаруасы емес. Бұл — ұзақ уақытты, жүйелі еңбекті қажет ететін процесс. Бүгінде Қазақстан осы жолда үлкен қадам жасап келеді. Соңғы жылдары жүргізілген конституциялық реформалар заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталды. Дегенмен атқарар іс әлі де көп. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, заңды бәрінен жоғары қою мәдениеті толық қалыптасып біткен жоқ. Кейде заңға емес, жеке тұлғалардың ықпалына

білім берулі мектептен бастап күшейту қажет. Әрбір азамат «заңға бағыну — менің міндетім, ал заң менің құқығымды қорғайды» деген түсінікпен өсуі тиіс. Заң үстемдігі — тек мемлекет органдарының міндеті емес, ол — бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Мемлекет заңды әділ қолданса, ал халық заңды құрметтесе ғана әділеттілік орнайды.

— Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың елдің құқықтық дамуына әсері туралы не айтар едіңіз?

— Конституция — өмірмен бірге дамитын құжат. Ол қоғамдағы өзгерістерге бейімделіп отырмаса, өзінің пәрменділігін жоғалтады. Сондықтан да тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстан Республикасының Конституциясына бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Жоғарыда айтып өткендей, соңғы 30 жыл ішінде алты мәрте реформа жүргізілді. Бұлардың барлығы уақыт талабынан туындап, халықтың сұранысына сәйкес жасалды. Мәселен, 2007 және 2017 жылдардағы түзетулер саяси жүйені жаңғыртуға, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтауға, қоғамның мемлекеттік басқаруға қатысуын арттыруға бағытталды. Бірақ ең ауқымды әрі түбегейлі өзгерістер 2022 жылғы

және тағы басқа негізгі кепілдіктерді бекітіп берді. Бұл құқықтар жай ғана қағаздағы баптар емес, қоғамның тұрақтылығы мен әділеттілігінің тірегі. Қарапайым мысал, егер азамат өзінің пікірін ашық айтуға қорықпаса, заң алдында тең болатынына сенсе, әділ сотқа жүгіне алатынын білсе, онда ол мемлекетке сеніммен қарайды. Осындай сенім болған жерде ғана қоғамда тұрақтылық орнайды. Конституциядағы құқықтық кепілдіктер ел ішіндегі бірліктің, қоғамдық келісімнің басты негізі. Сонымен бірге бұл кепілдіктер халықаралық деңгейде де маңызды. Әлем елдері Қазақстанды демократиялық қағидаттарды ұстанатын мемлекет ретінде таныса, ол — біздің Конституциямыздың артықшылығының көрінісі. Ата Заңымыздағы құқықтар мен бостандықтар БҰҰ-ның жалпыға ортақ адам құқықтары декларациясына сәйкес келеді. Бұл еліміздің халықаралық беделін нығайтып, өркениетті елдер қатарында танылуына ықпал етеді. Әрине, заңда жазылған құқықтардың өмірде толық жүзеге асуы үшін қоғамның өзі де белсенді болуы тиіс. Азамат өз құқығын білуі, оны қорғауды талап ете білуі қажет. Ал мемлекет ол құқықтарды қамтамасыз ету үшін барлық қажетті тетіктерді іске асыруға міндетті. Конституциядағы құқықтық кепілдіктер әрбір қазақстандықтың өміріне тікелей әсер ететін ең басты

Демек, жаңа дәуірдегі қоғамдық өзгерістер бізді жаңа нормаларды енгізуге жетелейді. Уақыт алға жылжыған сайын Конституция да соған сай дамып, азаматтың құқығын қорғауда әрдайым бір қадам алда болуы тиіс.

— Ата Заңның халықаралық аренадағы орны мен маңызы жөнінде не айтар едіңіз?

— Ата Заң — тек ішкі саясат пен қоғамды реттеудің құралы ғана емес, еліміздің халықаралық беделін айқындайтын маңызды құжат. Өйткені әлем елдері кез келген мемлекеттің даму деңгейіне қалдымен оның негізгі заңы — Конституциясына қарап бағалайды. Біздің Ата Заңымыздағы басты ерекшелік — адам құқықтары мен бостандықтарын бірінші орынға қоюы. Бұл қағидалар БҰҰ-ның Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясына, халықаралық пактілер мен конвенцияларға толық сәйкес келеді. Сонымен қатар Қазақстан Конституциясы елімізді бейбітшілік пен келісімге негізделген мемлекет ретінде танытты. Онда этносаралық және конфессияаралық татулықты сақтау, теңдік пен әділеттілікті қамтамасыз ету басты қағидат ретінде бекітілген. Осы құндылықтарымыздың арқасында Қазақстан халықаралық аренада диалог пен ынтымақтастық алаңы ретінде мойындалды. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін өткізу — соның айғағы. Ата Заңымыз халықаралық деңгейде инвестициялық тұрақтылық пен құқықтық сенімділіктің кепілі болып та қызмет етеді.

Шетелдік инвесторлар мен серіктестер Қазақстандағы заң үстемдігіне, Конституцияда бекітілген меншік құқығының қорғалатынына сенгендіктен ғана ірі жобаларға қатысады.

Бұл экономикалық дамуға он әсерін тигізді. Ең бастысы, Конституцияның қағидалары Қазақстанның сыртқы саяси бағытының да негізін айқындайды. Біз халықаралық құқықтың жалпыға танылған нормалары мен қағидаларын мойындаймыз, өзіміздің бейбітсүйгіш ұстанымымызды берік ұстанамыз. Бұл елімізді әлем алдында сенімді әріптес ретінде көрсетіп отыр. Қорыта айтқанда, Қазақстан Конституциясы халықаралық аренада еліміздің демократиялық қағидаттарға адалдығын, құқық үстемдігіне берік екенін және адам құқығын қорғауға басымдық беретінін паш етеді. Бұл — Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы орны мен беделін нығайтқан құжат.

— Конституция күні қарсаңында жастарға не айтар едіңіз?

— Ата Заң — тәуелсіздігіміздің берік іргетасы, мемлекеттілігіміздің алтын қазығы. Бұл жай ғана қағаз бетіне түскен баптар ғана емес, әрбір азаматтың арман-мүддесін қорғайтын, болашаққа сенім сыйлайтын ең басты құндылық. Конституцияны құрметтеу — Отанды сүйюді, елге адал қызмет етудің айқын көрінісі. Жастарға айтарым, ең алдымен өз құқықтарың мен бостандықтарыңды танып біліңіздер. Өйткені заңды білген жас еркін ойлы, әділетті бола алады. Конституция бізге тең мүмкіндік, яғни білім алуға, еңбек етуге, еркін ойлауға құқық беріп отыр. Бірақ бұл құқықтар тек қағаз жүзінде емес, жастардың белсенділігі арқылы жүзеге асады. Өз құқығын қорғауды үйренген ұрпақ ешқашан әділетсіздікке жол бермейді, керісінше қоғамды алға сүйейді. Сол сияқты, Ата Заң әркімге құқық бергенімен, сонымен бірге жауапкершілікті де жүктейді. Демек, жастар тек еркіндікті ғана емес, ел алдындағы парызын да ұмытпауы тиіс. Қоғамға пайда әкелу, білімге ымытылу, заңды құрметтеу. Міне, шын мәніндегі азаматтық болмыс осы. Бүгінгі күн — өзгерістер мен жаңа мүмкіндіктердің заманы. Цифрлық технологиялар, жаңа кәсіби бағыттар, жаһандық бәсекелестік, барлығы жастардың белсенділігін, білімін, әділетке деген сенімін қажет етеді. Конституция — тек мемлекет құжаты ғана емес, азаматтардың еркіндігінің кепілі, өмірінің қорғаны. Жастардың жүрегінде осы сенім бекем болса, Қазақстанның болашағы да жарқын болмақ. Конституция күні — өткенді еске алатын мереке емес, жастарды елдікке, бірлікке, әділет пен ар-ожданға шақыратын ерекше күн. Сондықтан әр азамат Ата Заңға адалдық танытып, өз өмірінде оның қағидаларын берік ұстанса, еліміз де биік белестерден көрініс анық.

— Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан
Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА



жүгінетін
жайт кездесіп
ж а т а д ы .
Бірақ халықтың құқықтық санасы өсіп келе жатқаны

қуантады. Бүгінгі жастар өз құқықтарын талап етіп, әділет іздеуден қорықпайды. Бұл — құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды алғышарт. Конституцияда жазылған «құқықтық мемлекет» қағидасы — бүгінде біздің қоғамымыздың даму бағытын айқындайтын басты бағдар. Біз бұл жолда айтарлықтай жетістікке жеттік, бірақ алда оны тереңдетіп, заң үстемдігін күнделікті өмірдің бөлшегіне айналдыру міндеті тұр.

— Қоғамда заң үстемдігін қамтамасыз ету үшін қандай негізгі тетіктерге сүйенуіміз керек?

— Заң үстемдігі — құқықтық мемлекеттің тірегі. Ол қағазда жазылып қана қоймай, өмірде іске асқанда ғана қоғам әділетті болады. Заң үстемдігін қамтамасыз етудің бірнеше негізгі тетігін атап өтуге болады. Біріншіден, тәуелсіз сот жүйесі. Егер сот әділ болмаса, ешбір заң өз күшін көрсетпейді. Судьяның шешімі тек заңға сүйенуі тиіс, ешқандай қысымға, ықпалға жол берілмеуі қажет. Сондықтан сот билігінің шынайы тәуелсіздігін нығайту — заң үстемдігінің басты кепілі. Екіншіден, құқық қорғау органдарының ашықтығы мен жауапкершілігі. Азаматтар заң қорғаушылардың әрекетіне сенбесе, қоғамда әділет орнамайды. Сондықтан полициядан бастап барлық құқық қорғау институттарының жұмысы халыққа түсінікті әрі ашық болуы тиіс. Үшіншіден, заң алдында бәрінің теңдігі. Конституцияда «заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең» деп жазылған. Бұл қағида іс жүзінде де сақталуы керек. Лауазымы жоғары адам да, қарапайым азамат та заң бұзса, жауапкершілікке тартылуы тиіс. Егер қоғамда «біреуге бәрі болады, біреуге ештеңе болмайды» деген түсінік қалыптасса, онда заң үстемдігі туралы айту қиын. Төртіншіден, қоғамның құқықтық мәдениеті мен санасы. Халық заңды құрметтесе, ешбір реформа нәтиже бермейді. Заңды білу — оны орындаудың алғышарты. Сондықтан құқықтық

конституциялық реформалар болды деп айтар едім. Бұл реформалардың тарихи маңызы зор. Біріншіден, Қазақстан суперпрезиденттік жүйеден шынайы Президенттік республикаға қадам басты. Президенттің өкілеттігі шектеліп, Парламенттің рөлі күшейді. Екіншіден, Конституциялық сот қайта құрылды. Бұл — азаматтардың құқықтарын қорғаудағы ең жоғарғы кепіл. Үшіншіден, сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайтуға басымдық берілді. Бұл халықтың әділдікке деген сенімін арттыруға бағытталған қадам болды. Ең бастысы, реформа халық билігін нақтылай түсті. Халық референдум арқылы өз таңдауын жасап, ел болашағын айқындады. Бұл — демократияның ең бірік көрінісі. Жалпы алғанда, енгізілген өзгерістер мен толықтырулар тек мемлекеттік құрылымды ғана емес, халықтың әлеуметтік дамуы да жақсартуға бағытталды. Жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіріп, әлеуметтік теңдікті нығайту, әділетті салық жүйесін қалыптастыру. Осының барлығы Конституция аясындағы реформалардың нәтижесі. Демек, Конституциядағы әрбір түзету халық мүддесі үшін жасалып отыр. Бұл еліміздің құқықтық дамуы жаңа деңгейге көтеріп, азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыра түсті.

— Ата Заңымызда әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтары айқын бекітілген. Сіздің ойыңызша, осы құқықтық кепілдіктердің қоғам өміріндегі маңызы қандай?

— Ата Заңымыздың ең негізгі құндылығы — адам және азамат құқықтарын, олардың бостандықтарын мен міндеттерін нақтылап көрсетуінде. Конституцияның екінші бөлімі түгелдей дерлік осы мәселеге арналғаны бекер емес. Бұл — мемлекеттің ең әуелі азаматқа, оның қадір-қасиетіне басымдық беретінін көрсететін айқын дәлел. Конституция әрбір азаматқа өмір сүру құқығын, сөз бостандығын, меншік құқығын, еңбек ету құқығын, әлеуметтік қамсыздандыруды, білім алу

құндылық. Олар болмаса, әділет те, теңдік те болмайды. Сол себепті Ата Заң — әр азаматтың сенімді қорғаушысы, бостандық пен әділеттің кепілі.

— Жаңа дәуірдегі қоғамдық өзгерістер Конституцияға қандай жаңа нормаларды енгізуді талап етуі мүмкін деп ойлайсыз?

— Қазіргі уақыт күн сайын өзгеріп жатқан, жаңа құндылықтар мен қауіптер қатар жүретін дәуір. 30 жыл бұрынғы қоғам мен бүгінгі қоғамды салыстырсақ, айырмашылық жер мен көктей. Сондықтан Конституция да уақыт талабына сай дамып, жаңа нормалармен толығып отыруы заңды құбылыс. Бүгінгі күні ең өзекті мәселелердің бірі — цифрлық қауіпсіздік пен жасанды интеллект. Қоғам біртіндеп «смарт» технологияларға көшіп жатыр. Азаматтардың жеке деректері, электронды базадағы құпия ақпараттар қорғалған болуы тиіс. Егер бұл тұрғыда құқықтық нормалар алдын ала бекітілмесе, азаматтардың жеке өміріне қол сұғу қаупі артады. Сондықтан болашақ Конституциялық түзетулерде киберқауіпсіздік, цифрлық деректерді қорғау, жасанды интеллекттің қолдану этикасы секілді жаңа ұғымдар құқықтық тұрғыдан нақты реттелуі қажет деп санаймын. Сондай-ақ қоғамда әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған жаңа тетіктер қажет болуы мүмкін. Мысалы, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтарын күшейту, әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін арттыру, еңбек құқығын жаңа деңгейде қорғау. Қазіргі жаһандық тренд — әлеуметтік мемлекет қағидатын тереңдету, яғни әрбір азаматтың лайықты өмір сүруіне жағдай жасау. Тағы бір маңызды мәселе, азаматтық белсенділікті кеңейту. Болашақта Конституцияда халықтың басқару процесіне қатысуының жаңа формаларын заңдастыру қажеттілігі туындауы ықтимал. Бұл референдумнан бөлек онлайн-петициялар, халықтық бастамаларды тікелей заң шығару деңгейінде қарастыру сияқты демократиялық құралдар болуы мүмкін.

ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Кейбір облыстарда қысқа дайындық бойынша өңірлік штабтардың жұмысы мардымсыз болып отыр. Бұл орындаушылық тәртіптің төмендігін және тиісті бақылаудың жоқ екенін көрсетеді. Тиісті үйлестіру мен бақылауды жүргізу арқылы көп мәселені уақытылы шешуге болады. Мерзімдерлі бұзу немесе оларды негізсіз ауыстырудың әрбір фактісі бойынша энергетика министрлігі қатаң шаралар қабылдауы қажет, – деді Үкімет басшысы Олжас Бектенов.

Биыл елімізде 323 шақырым жылу желісін күрделі жөндеу және қайта құруға 129,4 млрд теңге бағытталған. Бұл туралы Үкімет отырысында Энергетика министрі Ерлан Аккенженов мәлімдеді. Оның айтуынша, қаржының негізгі бөлігі – 104,2 млрд теңге республикалық бюджеттен, ал 25,2 млрд теңге кәсіпорындардың тарифтік сметасы есебінен бөлінеді.

– Бүгінгі таңда жұмыстың орындалуы 66% құрайды. Әкімдерге басталған жұмысты жылыту кезеңі басталғанға дейін аяқтауды тапсыруды сұраймыз. Жедел шаралар қабылдау үшін Үкімет резервінен қосымша 47,6 млрд теңге бөлінді. Бұл қаржы жылу көздері мен желілерін салуға, реконструкциялауға және күрделі жөндеуге жұмсалуда. Атап айтқанда, жылу көздерін салуға – 20 млрд теңге, жылу көздерін жөндеуге және қайта құруға – 8,7 млрд теңге, жылу желілерін жөндеуге – 5,5 млрд теңге, жылу желілері бойынша бюджеттік инвестициялық жобаларға 13,4 млрд теңге бағытталды, – деді министр Ерлан Аккенженов.

МӘСЕЛЕ БОЛМАУЫ ТИІС

Сыр өңірінде де жылу беру маусымына дайындықты уақытында аяқтау жоспарланған. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметіне сүйенсек, аймақтағы жылудың қамту нисандарын жаңғырту үшін биыл 13,5



млрд теңге бөлінген. Мәселен, Қызылорда жылу электр орталығындағы 3 бу қазандығын жаңғырту жұмысына аяқтауға Үкімет резервінен 2,5 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 1,3 млрд теңге қаралған. Жергілікті бюджет пен кәсіпорын қаржысы есебінен 1 генератор, 1 күштік трансформаторды жаңғырту, 10 бу қазандығы, 21 автономды қазандық жөнделеді. Бу қазандықтары алдағы жылу беру маусымына дайын болады деп жоспарланған. Сондай-ақ 7,4 млрд теңге қаржы есебінен 8,7 шақырым жылу желілері жаңғыртылады. Нәтижесінде жылу желілерінің тозу деңгейі 42%-дан 40%-ға төмендейді. Айта кетейік, облыс аумағында 1 079 әлеуметтік нысан бар. Оның ішінде 6 мектеп, 9 медициналық нысан толық жөнделеді.

Жылу беру маусымында әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерде апаттық жағдайлар мен ақауларды болдырмау аса маңызды. Яғни, қыс мезгілінде қысылтаң жағдай болмау үшін тыңғылықты дайындық қажет. Бұл тұрғыда барлық жоба тиісті сапада іске асуы тиіс. Осы мақсатта аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев сала басшыларына жиын өткізіп, тапсырмалар жүктелді.

– Алдағы жылу беру маусымында ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Облыста мыннан астам әлеуметтік нысан бар. Білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, жұмыспен қамту басқармалары, нысандардың толығымен дайын болуын қамтамасыз етіңіздер. Облыс тұрғындарын көмірмен қамтамасыз ету өте маңызды. Комуналдық кәсіпорын басшылары «Қызылорда

жылу-электр орталығы», «Қызылорда электр тарату тораптары» компаниясы, «Қызылорда су жүйесі», «Сыр суы» филиалы, «ҚазакГаз Аймақ», «Интергаз», «Қызылорда газ тарату» мекемелері барлық жүйе мен нысанды 25 қыркүйекке дейін сакадай сай етіңіздер. Жылу беру маусымы кедергісіз, үздіксіз өтуі керек, – деді облыс әкімі.

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА

Облыста жылу беру маусымы қарсаңында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өрттің алдын алу және газдан улану жағдайларын болдырмау бағытындағы жұмыстар да басталды.



Төтенше жағдайлар департаменті тарапынан жүйелі түрде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, әлеуметтік осал отбасылардың үйлеріне арнайы датчиктер орнату қолға алынууда. Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Асхат Оразбековтің сөзіне сүйенсек, тұрғындардың

қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауқымды профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылуда.

– Нәтижесінде 82 мыңнан астам үй қамтылып, өрт қауіпсіздігі ережелері мен газ және пеш жабдықтарын пайдалану тәртібі кеңінен түсіндірілді. Әлеуметтік осал топтағы 6825 отбасының қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінуде. Бұл мақсатта жергілікті бюджет қаражаты есебінен 484 дана газды анықтайтын арнайы датчик сатып алынды. Алдағы уақытта оларды орнату жұмыстары жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда облыс көлемінде «Өрт қауіпсіздігі айлығы» жарияланып, аулаларды аралау, тұрғындармен кездесулер мен түсіндірме шаралары тұрақты



түрде жалғасуда. Алдағы кезеңде де бұл жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты назарда болады, – деді Асхат Платалұлы.

Айтолқын АЙТЖАНОВА
Суретті түсірген Нұрболат Нұржаубай

Басы 1-бетте

Биыл Конституциясының қабылданғанына – 30 жыл. Ел Тәуелсіздігінің басты тірегі саналатын құжат 1995 жылы жалпыхалықтық референдум арқылы қабылданды. Содан бері мемлекеттің дамуы мен тұрақтылығына Ата заң негіз болды. 30 жылда Конституция ел өмірінің барлық саласына елеулі өзгерістер әкелді. Осы уақыт аралығында негізгі заңға 6 рет түзету енгізілді. Әр өзгеріс қоғамдағы сұраныс пен заманауи талаптарға сай жасалды.

Мереке қарсаңында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде «Ата Заң – халық бірлігі мен ел тұрақтылығының кепілі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Шараға университеттің профессор-оқытушылары, ғалымдар, білім алушылар қатысты.

Конференцияны ашқан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы – Ректоры Бейбіткүл Каримова Конституцияның маңыздылығына тоқталды.

– Қазақстан Республикасының Конституциясы біздің кемел келешегімізді айқындайтын жарқын істердің құқықтық кепіліне айналды. Бүгінде Қазақстан әлемнің ең дамыған елдерінің қатарында болуды өзіне мәртебелі мақсат етіп қойып отырғаны осының жарқын дәлелі. 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумның

МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ БИІК ТҰҒЫРЫ



басым көпшілік дауысымен Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясы қабылданды. Конституцияның бірінші бабынан бастап еліміздегі қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігін

көздейтін экономикалық даму, патриотизм, мемлекетті басқарудың тек қана демократиялық әдістерін қолдану басты қағидалар екендігі көрсетілді. Конституцияда адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтары,

мемлекеттің әлемдік қауымдастықтағы құқықтық орны, елдің даму бағыттарының құқықтық негізі бекітілген. Оның негізгі көрінісі Ата заң бабының 30-ы адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына арналғандығы. Қазіргі Конституция еліміздегі әрбір азаматтың кәсіптік құндылық екенін, оның құқықтары мен бостандықтарының орнықты дамуына барлық мүмкіндіктерді қалыптастырды, – деді Бейбіткүл Каримова.

Дөңгелек үстелде Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Жанат Бекжанов «Өз үйім – қорғаным», «Философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» БББ-ның аға оқытушысы, саяси ғылымдарының кандидаты Ербол Абенов «Конституция мемлекеттіліктің негізгі және тұрақтылықтың кепілі», «Құқықтану» БББ-ның қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, философия докторы (PhD) Айнуір Исаева «Қоғамның цифрландырылу жағдайындағы азаматтардың конституциялық құқықтарының дамуы», «Тарих және археология» БББның қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, философия докторы (PhD) Талғат Жолдасұлы «Конституция мен либерализм: Еркіндік идеясының тарихи эволюциясы» тақырыбында баяндама оқыды.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРДІ

Атазаң–елдігіміздің, өзгемен теңдігіміздің көрінісі. Өз алдымызға отау тігіп, тәуелсіздік тізгінін қолына алған мемлекет ретіндегі елдік мүлдем біз бен айынымыз бар. Сайын дала тосінде қырандай қалықтап, көкке қанат қаққан еліміздің Конституция күні мерекесі құтты болсын! Мереке қарсаңында елімізді қорғайтын ұландарға әскерге шақыру тәртібі өзгергенін жеткізіміз келеді.

Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, 18 жасқа толған әрбір ер азамат әскери борышын өтеуге міндетті. Алайда соңғы жылдары статистикалық деректер көрсеткендей әскерге шақырушылар саны азайып, түрлі себептерге байланысты азаматтық міндетінен жалтарушылар саны артқан. Қоғамда алаңдаушылық туғызған бұл мәселеге орай жуырда әскери қызметтің беделін көтеру бағытында бірқатар өзгеріс енгізілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери-патриоттық тәрбие, әскери қызмет және жекелеген орталық мемлекеттік органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Жаңа заң аясында енгізілген маңызды өзгерістер төмендегідей.

ӘСКЕРГЕ БАРУ УАҚЫТЫН ШЕГЕРУ

Әскерге бару уақытын шегеру мүмкіндігі әр білім деңгейі үшін тек бір рет қана беріледі. Мәселен, бакалавриатқа түскенде бір рет, магистратураға түскенде екінші рет кейінге қалдырылады.

Ал егер бакалавриат пен магистратураға екінші рет түсетін болса, әскерден босатылмайды.



ӘСКЕРИ ЕСЕП АВТОМАТТАНДЫРЫЛАДЫ

Жаңа ережеге сәйкес, шақыру қағаз түрінде ғана емес, электронды форматта да жіберіледі. Әскерге шақырылушылар ұялы телефон нөміріне немесе eGov порталындағы жеке кабинетіне SMS арқылы хабарландырылады.

Цифрлық арналарға қолжетімсіз болған жағдайда шақыру қағазы бұрынғыдай қол қоюға қолма-қол жеткізіліп немесе пошта арқылы жіберілуі мүмкін. Қағаз түріндегі шақыру қағазын қабылдаудан бас тартқан жағдайда ол бәрібір жеткізілді деп есептеледі. Құжатқа тиісті белгі қойылады және жергілікті әскери басқару органына қайтарылады. Сондай-ақ шақыру қағазын әскери комиссариат ғимаратында тікелей алуға болады. Бұл жағдайда келесі күні сонда көріну керек. Хабарландыру жүйесіндегі



өзгерістерден басқа жобаның екінші кезеңін өткізудің жаңа нақты мерзімдері бекітілді. Енді ол жыл сайын өтеді. 1 наурыздан 30 маусымға дейін, 1 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ДАЙЫНДЫҚ КҮШЕЙЕДІ

Әскери-патриоттық тәрбиелеу мен ел әскерінің жағымды бейнесін қалыптастыру мақсатында ауқымды шаралар қолға алынады. Республикалық және өңірлік деңгейлерде әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі үйлестіру кеңестері құрылады. Әскери-техникалық мектептер әскерге шақырушыларды ғана емес, азаматтық салада талап етілетін аралас жұмысшы мамандықтары бойынша әскери қызметшілерді дайындайды.

Мектептер мен колледждерде тереңдетілген әскери дайындық жүргізіледі. Оны аяқтаған оқушылар әскери жоғары оқу орындарына және келісімшарт негізіндегі әскери қызметке түсу кезінде артықшылыққа ие болмақ.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУҒА ЖЕҢІЛДІК

Жаңашылдықтар қатарында әскери борышын өтеген азаматтарға да қосымша жеңілдіктер қарастырылған. Демобилизациядан кейін екі жыл ішінде олар ҰБТ мен қабылдау емтихандарынсыз жоғары оқу орындарына немесе магистратураға оқуға түсе алады. Дегенмен оқыту ақылы негізде жүргізіледі.

Он бес жылдан астам әскери қызмет атқарғандардың балалары әскери жоғары оқу орындарына түсу кезінде жеңілдік алады.

Мемлекеттік грантпен оқытандар әскерден кейін грантты өтеуге міндетті болмайды. Қызметтен босаған кездегі оқуға берілген грант қорғалады. Әскерден кейін қайта келісімшартпен қызметке орналасу тәртібі жеңілдейді.

Ерлан МАНАПОВ,
Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы, полковник

Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы – Ішкі істер органдары қызметінің негізгі бағыттарының бірі. Оның тиімділігі еліміздегі құқықбұзушылықтың жай-күйі және мемлекетіміздің болашағын құрайтын отбасы институтының дамуына байланысты.

БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ – БАҚЫТТЫ ЕЛ


Әйелдердің құқықтарын қорғау, отбасылық құндылықтарды сақтау, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл әрекеті Мемлекет басшысы мен Ішкі істер министрлігі басшылығының ерекше бақылауында.

Әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және жолын кесуге, ана мен баланы қорғауға, отбасының қоғамдағы рөлін нығайтуға бағытталған қабылданып жатқан шаралар туралы жұртшылықты ақпараттандыру мақсатында биылғы тамыз айының 27-сі мен қыркүйек айының 10-ы күндері аралығында Қызылорда қалалық полиция басқармасы Жергілікті полиция қызметі бөлімі отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесі «Бақытты отбасы – бақытты ел» атты акциясы басталғанын жариялайды.

Бұл іс-шараға полиция қызметкерлері, мүдделі мемлекеттік органдары, үкіметтік емес ұйымдары, жұртшылық пен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері жұмылдырылды.

Қызылорда ҚПБ ЖПҚБ
Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесі

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180ОТЫЗ
СЕГІЗІНШІ
СӨЗ

Ей, жүрегімнің қуаты, перзентлерім! Сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраз сөз жазып ядқар қалдырайын. Ы қ ы л а с п е н е н оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махаббатың төлеуі – махаббат. Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себептер – әуелі хауас сәлим һәм тән саулық. Бұлар туысынан болады, қалмыс өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Талап, ұғым махаббаттан

шығады. Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады. Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана алла тағаланы таныматтық, өзін таныматтық, дүниені таныматтық, өз адамдығын бұзбай ғана жаліб мәңфағат дәфғы музарттарларны айырмалық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады. Болмаса жоқ, ең болмаса шала. Оның үшін көбінесе балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа салындырып алады, сонынан моллаға берген болады, я ол балалары өздері барған болады – ешбір бәһра болмайды.

Ол қиянатшыл балалары талапқа да, ғылымға да, ұстазға да, хаттә иман игтиқадқа да қиянатпенен болады. Бұл қиянатшылар - жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман. Олардың адамдығының көмәләт таппағы - қиянның қияны. Себебі алла тағала езі - хақиқат, растықтың жолы. Қиянат – хақиқат пен растықтың дұшпаны. Дұшпаны арқылы шақыртқанға дос келе ме? Көңілде өзге махаббат тұрғанда, хақлықты таппайды. Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әрнәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпенен табылады. Ол - алланың ғылымы емес, һәмманы білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Оның үшін ол алланың өзіне ғашықтық. Ғылым - алланың бір сипаты, ол - хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр. Болмаса мал таппақ, мактан таппақ, гиззат-құрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды.

Мал, мактан, гиззат-құрмет адамды өзі іздеп тапса, адамдықты бұзбайды һәм көрік болады. Егерде адам өзі оларға табынып издесе, тапса да, таппаса да адамдығы жоғалады. Енді хақиқат сүйіп, шыңды білмек құмарың бар болса, адамдыққа лайықты ықыласты құлағыңды қой. Әуелі дін исламның жолындағы пенделер иманның хақиқаты не сөз екенін білсін. Иман дегеніміз бір ғана инанмақтық емес, сен алла тағаланың бірлігіне, уә қуранның оның сөзі екендігіне, уә пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа салаллаһу ғалайһи уәссаләм оның тарапынан елші екендігіне инандың. Жә, не бітті? Сен алла тағалаға алла тағала үшін иман келтірмесің я өзің үшін иман келтірмесің? Сен иман келтірмесен де, алла тағалаға келер ешбір кемшілік жоқ еді. Өзің үшін иман келтірсең, жә инандың. Ол инанмақтығың құр ғана инанмақтықпен қалса, саған пайда бермейді. Оның үшін сен өзің инанмақтығыңнан пайда ала алмайсың, пайдаланамын десен, пайда береді, көміл иман болады. Пайданы қалайша алуды білмек керек. Сіз «Әмәут биллаһи көмәһуа би әсмайһи уасифатиһи» дедіңіз. Ол есім аллалар һәмма ол алла тағаланың фиғыл ғазимләрінің аттары, олардың мағынасын біл һәм сегіз сифат затиялары не деген сөз, көміл үйрен. Өзіңді оның құлы біліп, өзіңе мұсылм ат қойып, тәслим болғанша раст боласың да. Өз пияғалдарыңды соған өз халіңше ұқсатулды шарт қыл. Алла тағалаға ұқсай алам ба деп, надандықпен ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ - дәл бірдейлік дағуасыменен емес, соның соңында болмақ. Оның үшін алла тағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдірет, Басар, Сәмиғ, Ирада, Қолам, Тәкин. Бұл сегізнен алла тағаладағыдай көмәләт-ғазамат бірлән болмаса да, пендесінде де әрбірнен өз халініше бар қылып жаратыпты. Жә, біз өзіміздің бойымыздағы сегіз зәһрә аттас сипатымызды ол алла тағаланың сегіз ұлығ сипатынан бас бұрғызып, өзге жолға салмақпенен біздің атымыз мұсылм бола ала ма? Болмаса керек. Жә, ол сегіз сипатына сипатымызды һәм ол аттары бірлән ағламланған фиғыл құдаға фиғлымызды ертпек неменен табылады, қалайша табылады, оны білмек керек. Ол - алла тағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылмыз мұқтаж, жоғарғы жазылмыш сипаттар бірлән тағрифлап таныматқа керек. Егерде ол сипаттар бірлән тағрифлапмасақ, бізге мағрифатулла қиын болады. Біз алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хақим ақыл ерістіре алмады. Алла тағала - өлшеусіз, біздің ақылмыз - өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды. Біз алла тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демекші те - ақылмызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз. Болмаса ол «бір» демекші те алла тағалаға лайықты келмейді. Оның үшін мүмкінаттың ішінде не нәрсенің уәжуді бар болса, ол бірліктен құтылмайды. Әрбір хадиске айтылатұғын бір қадимге тағриф болмайды. Ол «бір» деген сөз ғаламың ішінде, ғалам алла тағаланың ішінде, құдай табаракка уатағала кітаптарда сегіз субуттия сипаттары бірлән, уә тоқсан тоғыз Әсман хұсналар бірлән білдірген. Бұлардың һәммасы алла тағаланың затия субуттия уә фиғлия сипаттары дүр. Мен мұнда сіздерге төртеуін білдіремін. Оның екеуі - ғылым, құдірет. Сегіз сипаттан қалған алтауы - бұларға шарх. Ол алтауының бірі - хаят, яғни тірлік.

Жалғасы келесі санда.

БАҚША БАСЫНДА:
егіннен терімге дейін

Жол қысқарсын дегендей баста әңгіме ауаның әр саққа бұрып әкетіп, бақша тақырыбына тура түскенде бес-алты жылдан бері бақша егумен айналысып келе жатқан Жәнібек Кенжеғұлов тұп-тура ғылым докторларынан кем емес екенін танытқандай.



– Бақша егу үшін жерді ауыстырып отырасың. Биыл еккен жерге келер жылы бармаймыз. Мол өнім алғың келсе, жаңадан қоршалап, жерді ашып еңбектесің. Әйтпесе, еңбегің ақталмайды. Ерте көктемде келіп, жерді дайындап, судың арнасын реттеп, маңдай теріңді төгесің. Қазір тірліктің саябырсып, өнімнің азайған шағы, – деді ол.



Ойлы-қырлы жер қойсын ба, ауылдан шыға берісте көліктің ремені кергіші істен шығып, мұнда да біраз аялдағанымыз анық. Дереве қажет кілттерді қалтадан суырып алып, өзі жөндеп алды. Мұндайда тірлік істейтін адамның бесаспап болғаны ләзім екенін аңғардық.

– Жер-Анадан несібеңді терем десен, көліктің де тілін білген жөн. Жаюу бармайсың, арқаланып барып, дорбаланып қайтасың. Жер шалғай деп қарап отырмайсың, – деді кілтті орнына қойып жатып.

Абай ауылынан асып өтіп, үлкен егістік алқап ішіне ендік. Мұнда да жайқалған күріш, жап-жасыл жоңышқа... Қазақ жерінің үстіндегі иен байлық. Құм төбелдерін асып өтіп, тағы біраз шақырымды бағындырғанда алыстан вагонның сұлбасы көрінді. Алла жаздай ата-анасымен бірге егіс басында еңбектенген Қайсардың жүзі арайланып, жымия қарады:

– Анау вагон тұрған жер. Алыс па екен? – деді.

Айналасы бес гектарға жақын алқап жайнап тұр. Қауын-қарбыздың түйнектері пәлектің астына сыймай, әр жерден байқалады. Негізінен шілде айы мен тамыздың басында мұндағы жұмыс қызатын көрінеді. Күн сайын көлік толып, газельдің белі майысып қайтады. Ал қазір өнімді аптасына бір мәрте жинайды. Тамшылатып суару әдісін қолданып, жерді кленкамен жауып, егілгенін алқапты кесіп өткен жиналмалы құбырдан байқадым. Тімділігі жоғары екенін жеткізді.

Жерге дөңді тастағаннан кейін екі құлақ болып шығамын дегенше арыққа суды толтырып суарамыз. Сосын бір отаймыз да, тамшылатып суаратын құбырды жақтап, бекітеміз. Бұрын суарған сайын отайтынбыз. Қазір отақ та шықпайды, суды да көп қажет етпейді. Жан-жақты пайдалы бар, – дейді Жәнібек Кенжеғұлов.

Енді бізді бақша басындағы бір күн күтіп тұр. Тірліктің қамытын кигелі еңбектен қашып көргеніміз жоқ. Тамыз болса да, аптығын баса алмай тұрған ыстық шекені тесіп барады. Сонда да қолға қолғапты киіп, алқапты бір-бір бөліктен бөліп алдық. Мұндағы міндетіміз – піскен қауынды жолдың жиегіне жинау. Кейін көлікке артып аламыз. «Бақсақ, бақа екен» демекші, әр жерде үңірейіп, тесілген қауын-қарбызды көрдік. Сұраулы жүзімді аңғарса керек. Жәнібек аға:

– Егін екен адам біледі. Жерге дөңді тастағаннан бастап, осы күнге дейін ит-қүспен арналысып бітесің. Сауыскандар мен шағалдар дамыл бермей жатыр. Бізбен жарысып жейді. Ал дәннің екі құлақ болып шыға сала қоян қоймады. Өйтеуір, олардан қалғаны несібеңізге бұйырады, – деді бейнеттің бел ортасында жүргенін көрсетіп.

Басы 1-бетте



Қайсар әкенің ізін басып, бақшадағы піскен қауын-қарбызды ажыратып, үзіп берсе, Санжар, Айсұлтан, Ғазиз және Бақдәулет оларды тасып, жиекке шығарады. Балалар ойнап жүріп, жұмыс істейді. Бұл – олар үшін тәлімі мол еңбек сабағы.



– Біз еңбекпен есейдік. Ол уақытта ауылда бақша егу мен шөп орудан басқа жұмыс көзі болмайтын. Сол өзіміз өткен өмір мектебі балаларға үлгі болсын деп ертіп алдым. Телефон ұстап, компьютер қарап, қалаға қыдырып үлгереміз. Бастысы, жазғы демалыстағы күндері бізге де, оларға да тиімді болғаны дұрыс, – деді еңбеккер.

Балалардың қай-қайсысы да бөтен емес. Әулеттің балалары. Бірі ағасының, бірі інісінің баласы. Олар ала жаздай еңбек етіп, қолғабыс етеді. Күз келгенде әрқайсысына қомақты сый бұйырады.

– Өткен жылы маған бір тай мінгізді. Сосын мектепке баратын киімдерімді әперді. Бақша басында аш-жалаңаш жүргеніміз жоқ. Тәтті-пәттінің бәрине тойып жүреміз. Қауын-қарбыз тағы бар, – дейді Санжар Сабыр.

Бақшада тер төккен әр балаға осындай сый-сыяпат бұйырды. Жәнібек Кенжеғұлов олардың ешқайсысын ренжітпей, еңбектерін бағалап жүр. Бұрын тек бақшаға баратын балалар қазір шөп тасуға да қатысып жүр.

– Бақшадан бос кездері атаммен бірге шөп басуға барамыз. Оған көмектесеміз. Біраз нәрсе үйрендік. Ал шөп басып болғанда оны көлікке артып, ауылға тасимыз, – дейді бойы да, ойы да ескен Санжар мен Қайсар.

Балалар ара-тұра демалғанда осылай әңгіме-дүкен құрып алдық. Ауылдан әкелген салқын суды сіміріп тұрғанын көріп, өздерінің жағдайын жасағанын байқадық. Бір уақытта ұзын жолдың екі басына әр жерден үйілген қауын мен қарбыз көрінді. Кішкентай сары қауын, қара қауын, ала қарбыз, ақ қарбыз, әңгелек, әміре – түр-түрі бар.

– Енді мұны рет-ретімен көлікке тиейміз, – деді Жәнібек аға.

Газель оталды. Ең астына әуелі қара қауын қойылды. Оны да кесек тәрзіді өріп, жып-жинақы қойып шығу – Қайсардың

мойнындағы жүк. Көлік ойлы-қырлы жермен жүргенде қауын орнынан қозғалмауы керек. Оның үстіне сары қауын. Содан соң екінші бұрышқа қарбыз қойылады. Ал әміре мен әңгелек ең үстіне жиналады. Қайсарға қауынды бір-біріне лақтыру әдісімен Санжар, Айсұлтан, Ғазиз және Бақдәулет әпереді. Тіпті, әрбірі өзінің жұмысын менгергені соншалық, бір қауын да, бір қарбыз да жарылмады. Балалармен бірге мен де бір септігімді тигізейін деп, қолыма қауынды ұстап алып, бортың үстіндегі Ғазизге лақтырдым. Ал ол болса, менің лақтырған екпінменен бірге бортың арғы басынан бір-ақ шықты. Бәріміз ду күлдік.

Қолына қауынды ұзынынан ұстап алған Ғазиз маған лақтыру әдісін үйретті.

– Міне, былай лақтырасыз. Сосын орташа қарқынмен күш салыңыз. Сонда қағып алған адамға да, сізге де, арғы бастағы жинаушыға да оңай болады, – деді бесінші сынып оқушысы.

Қауын-қарбызды артып алған газель орнынан ыңырс қозғалды. Ал біз танертен мұз арасына салынған суды салқын күйінше кешкі алтылар шамасында ішіп отырмыз. «Қалауын тапса, қар жаады», дегендей, еңбеккерлер суды күні бойы салқын ұстайтын әдісін де тауып алғанын қарашы. Қандай, ә?!

Қайтар жолда Жәнібек аға менің шаршағанымға қарап:

– Біздің жұмыс оңай ма екен? – деді.

Оңай емес екенін білеміз, сезінеміз. Екінші сыныптан бастап, бақшада ескен мен үшін бұл күн балалық шаққа саяхат тәрзіді болды. Ол уақытта күнделікті тұрмысқа қажетті тұтынатын алдыңғы орындағы азық-түліктің бәрі аулада шығатын. Кейінгі уақытта қауынға құрт түсіп, көп ауылда қауын егілмей қалды. Осы уақытты тиімді пайдаланған оңтүстіктегілер қауын-қарбызын Қызылордаға ағыл-тегіл көл-көсір етіп жіберді.

Одан қалды жергілікті алыпсатарлар да пайда табу мақсатында ауыл аралап қауын-қарбыз сататын болды.

Әңгіме арасында еңбеккерлер қауынның құртымен қалай күресіп жатқанын сұрадық.

– Қауын гүлдегеннен бастап бес күн сайын қауынның құртына қарсы дәріні шашып тұру

керек. Әйтпесе, кейін бәрін құртады. Негізі бұрын бұл құрт жоқ еді. Сырттан көптеген қауын сортын кіргіземіз деп, осындай машақатқа тап болдық. Бұрын әр үйдің ауласында қауын егілетін. Қауынды сатып алу деген болмайтын еді, – деді ол.

Сонадайдан ауылдың төбесі көрініп, телефонда байланыс пайда бола бастағаннан қоңыраулар шырылдай бастады. Көбінің сұрауының «қауын әкеле жатысыңдар ма?» деген бір сұрақ. Отбасылық кәсіп болған соң, жұмыла көтерген жүктің жеңіл екені байқалды.

Есік алдына келіп көлік тоқтағаннан үйден отанасы Ботагөз Малдыбаева шығып, қарсы алды. Ол жеңіл көлікті газельдің артына тақағаны сол, балалар қауын-қарбызды келесі көлікке арта бастады. Олардың ендігі жұмысы – ауыл аралап, қауын-қарбыз сату.

Осы аралықта ауыл тұрғындары Ақылбек Сүлейменов пен Бауыржан Қуандық та келе қалды. Олар – тұрақты алушылар. Демде өздерінің қалаған қауын-қарбызын қолына ұстап, кетіп барады.

– Қауынның дәмі керемет. Үнемі алып тұрамыз. Өзіміздің өнім. Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбалаған дұрыс қой, – деді Ақылбек Сүлейменов.

Бір күнгі еңбек бригадасының ортасында жүріп, қайтуға бел байлаған маған балалар қызыға қарайды. «Рахат, сіз енді қайтасыз. Ал біздің жұмысымыз енді қалайды» дейді. Еңбекпен өскен бала не нәрсенің де қадірін біледі, азаматтық ұстанымы болады. Жігерлі, қайратты болатыны тағы бар. Балалық шағы теледидар алдында, жылы орында телефон шұқылап өтіп жатқан мыңдаған баланы ойладымы. Олар қауын мен қарбыз қалай, қайда пісетінін біле ме екен?!

Дәулет ҚЫРДАН

Газеттің келесі саны сәрсенбі, 3 қыркүйек күні шығады.

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Газеттің хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сәйсебей, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4019 Тапсырыс №1464

Нөмірдің кезекші редакторы Айдапа БАХТИЯР